


Қош келдің, алғашқы оқырман!

Қаңтардың алғашқы
күндерінде Арқалық қа-
ласындағы облыстық №
2 Зәмбебап ғылыми кітапха-
насының балалар әдеби-
еті бөлімі алғашқы оқыр-
манын қабылдады.

Откізілетін дәстүрлі мере-
кенің басты мақсаты, жас оқы-
рманнның кітапқа деген қы-
зыгуышылығын арттыру. Кітапқа
деген құрмет, кітап тек қана білім
көзі емес, ол адамның мінезінің
қалыптасуына өмірден өз орнын
табуга көмектеседі. Іс-шара-
ны өткізу барысында «Ертегілер
еліне саяхат» - атты кітап көр-
месі үйымдастырылып, жаңадан
келіп түскен әдеби шыгарма-
ларға қызықты шолу болып өтті.

2022 жылдың «Қош келдің,
алғашқы оқырман!» деген атақта



Кейікі батыр атындағы № 4 орта
мектебінің 3 «Г» сынып оқушы-
сы Нұрәлі Қуанышұлы ие бол-
ды. Балалар әдебиеті бөлімінде
алғашқы оқырманды Аяз ата,

Қызыл телпек және Мыстан кем-
пір қарсы алды. Нұрәлінің доста-
ры кітапханамыздың тұрақты
оқырмандары. Ерқанат Қойшы-
баев атты досы мерекелік іс-ша-
рамызға қатысып, білімділіктегі
мен тапқырлықтарын көрсете
білді. Өнерлі де білімді оқыр-
мандарымызға алғысымызды
айтамыз!

Еліміздің ертеңі
боларлық жас үрпақтың білімін
кенектіп, біліктілігін арттыруда
балалар кітапханасы да рухани
қазына екені рас. Мынау келген
жаңа заман – компьютер зама-
ны болғанымен, рухани азық
іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу
әр баланың қасиетті қара шаңы-
рагы – кітапхана. Олай болса, ба-
лалар бөлімінің есігі сіздер үшін
әрдайым ашық, қызыққа толы
кітап әлеміне асырыңыздар!

Т. ҚОЙШЫБАЕВА,
№ 2 ОӘРК балалар әдеби-
еті бөлімінің кітапханашысы.